

Диссертациялық кеңестің 2024 жылғы жұмысы туралы есебі

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанындағы 8D072-Өндірістік және өңдеу салалары даярлау бағыты бойынша: 8D07206 Тоқыма материалдарының технологиясы және жобалануы; 8D07230 Жеңіл өнеркәсібіндегі инновациялық технологиялар білім беру бағдарламалары (мамандықтары) бойынша Диссертациялық Кеңес.

1. Өткізілетін отырыстардың саны туралы деректер.

Диссертациялық Кеңес 4 отырыс өткізді, оның 2-уі ұйымдастырушылық сипатта және 2-уі диссертацияны қорғауға арналған.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) – жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі.

1) Мирзамуратова Роза Шамуратовна – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

2) Калдыбаева Гульбустон Юсупжановна – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті.

4. Мынадай бөлімдерді белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында Кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыбын талдау.

Р.А.Мирзамуратованың диссертациялық жұмысы былғары өндірісін экожүйеге бағыттай отырып, былғарының қасиеттерін жақсарту мақсатында әрлеу технологиясын жетілдіруге арналған.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкімет жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.

1. Диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың төмендегі басым бағытына сәйкес келеді 2. Энергия, заманауи материалдар және транспорт. 2.35 Материалдарды өңдеудің перспективалық технологиясы бағытына сай келеді.

Диссертация тақырыбы ғылымның басым бағытына сәйкес келеді.

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Шымкент қаласындағы «Оңтүстік былғары» ЖШС-не енгізу нәтижесінде былғарының бояу тұрақтылығын сақтай отырып, табиғи экстрактілермен боялған сапасы жоғары материалдарды өндірісте қолдану ұсынылды. «Turan-Skin» ЖШС-не химиялық пигмент орнына өсімдік қалдықтарын пайдаланып, өңделген былғарының өзіндік құнын төмендету, былғарының қасиеттерін арттыру, былғары құрамындағы хром шамасын азайту мақсатында ендірілді. Жұмыстың нәтижелері оқу үрдісіне және өндірістік іс- тәжірибеге ендірілді.

Г.Ю. Калдыбаеваның диссертациялық жұмысы мақта-тоқыма кластерін дамыту және Қазақстан Республиканың инновациялық даму стратегиясы шеңберінде мақтаны бастапқы өндеуден бастап әрлеу өндірісіне дейінгі өндірістің барлық кезеңдерінде көрсетілген қасиеттері бар маталарды жасаудың технологиялық процесін жетілдіруге арналған.

2) диссертациялар тақырыбының «Ғылым туралы» Заңының 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкімет жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы.

2. Энергетика, озық материалдар және көлік. 2.32 Көмірсутектерді, минералды және өсімдік шикізатын кешенді өндеу

3) диссертация нәтижелерін практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Жазық тоқыма, талшық, вафли және басқа да тоқымалардың мақта мата үлгілерін өндіру процесін енгізу нәтижесінде рельефті өрнектері бар мақта маталар өндірісінің ауқымы кеңейді. «Tubiguard SCS-F негізіндегі гидрофобты композицияларды және гидрофобты эмульсияны пайдалана отырып, рельефтік үлгілері бар мақта матаға гидрофобты қасиеттерді беру» нәтижелерін жүзеге асыру нәтижесінде өндеу-әрлеу операциясының режимі анықталды: 150 ° температурада С және 160 °С «Azala Textile» ЖШС өндірістік жағдайында 5-6 минут.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (сапасыз шолулардың мысалдарымен).

Жоғарыда көрсетілген диссертациялық жұмыс бойынша рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде жан-жақты талдау жүргізді және диссертациялық Кеңес туралы үлгілік Ереженің 5-қосымшасының нысанына сәйкес құзіретті пікірлер ұсынды.

Сапасыз пікірлер болған жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Ғылыми кадрларды даярлау жүйесі заманауи талаптарды қанағаттандырады.

7. Кадрларды даярлау бағыттары бөлінісінде философия (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алуға арналған диссертациялар саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – 2;

2) қараудан алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – жоқ;

3) рецензенттердің (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) теріс пікірлері алынған диссертациялар – жоқ;

4) қорғау қорытындылары бойынша теріс шешімі бар диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттары) – жоқ;

